

Солтүстік Қазақстан университетінде әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 2 наурыздағы N 160

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жүйесі үшін Солтүстік Қазақстан университеті студенттерінің қатарынан офицерлер даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Солтүстік Қазақстан университетінде оқу орнының шығыстары мен штат санының шегінде әскери кафедра құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесіп:

әскери кафедраның құрылымы мен штат санын әзірлесін және бекітсін;
оқу кафедрасын командалық-оқытушылық құраммен және оқыту-қосалқы қызметкерлермен жасақтасын;

әскери даярлықтың бейінін ескере отырып оқу жоспарларын, бағдарламаларын дайындасын және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі оқу процесін жүргізу үшін әскери кафедраны әскери даярлықтың бейіні мен оқу жоспарларына сәйкес әскери мүлікпен қамтамасыз етсін.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі